

Ж.С. Галиева, аға оқытушы

А. Құспанова, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы

ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Аннотация

Мақалада қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналған діни қақтығыстар және оның шешімі ретінде көрініс тапқан «толеранттылық» мәселесі туралы айтылған.

Түйін сөздер: дін, толеранттылық, төзімділік, дінаралық татулық

«Біз барлық қазақстандықтар арасында сенімді нығайтуға тиіспіз! Бір-бірімізге тағатты болуымыз керек! Бұлар – Қазақстанның болашағына Түйінтер. Этносаралық келісім – өміршеңдік оттегі. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз... Бейбітшілік пен тұрақтылық – күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік».

Н.Ә.Назарбаев

Діннің пайда болуы адам өмірінде, қоғамда болып жатқан әртүрлі өзгерістерден туындайтыны тарихи анықталған жай. Дін шыққан уақытынан бері қарай адамның бүкіл өмірінде реттеуші күшке айналуына көптеген тарихи деректер дәлел. Сонымен бірге, діннің қоғамдық сананың белсенді формасы ретінде сақталып отырғандығы да рас.

Дін саласы қоғам өмірін құраушы маңызды салалардың бірі болған себепті де бұл саладағы дінге сенетіндер мен сенбейтіндер, бір конфессияның түрлі бағыттары, түрлі наным-сенім өкілдері арасындағы өзара құрмет пен сыйластыққа, мәдениеттілік пен сыпайылыққа негізделген толерантты қатынастардың болуы қоғамның тыныштығына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Әуелі діни салада орныққан толеранттылық түсінігі кейіннен барып басқа да маңызды ұғымдарға негіз қалаған. Біз бүгін толықтай алғанда діни толеранттылық ұғымына сенушілердің өзін айқындау еркіндігіне деген құқын мойындау, осы құқықты азаматтардың құрметтеуі, мемлекеттің демократиялық нормаларын қалыптастырушы қоғамның мәдени-діни плюрализмге дұрыс көзқарас, басқа наным-сенім өкілдеріне деген түсіністікті сыйдырамыз.

Қазіргі күні діни экстремизм мен терроризм – қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі. Оны насихаттаушылар діннің атын жамылып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасын теріс ықпалдың ығына жығуда. Оған күнделікті өмірде болып жатқан сан түрлі теріс әрекеттер куә.

Әлемдегі кейбір қақтығыстардың түп-төркіні діни түсінбеушілікте екендігі тарихтан мәлім. Тіпті орта ғасырларда Франциядағы католиктер мен гугеноттар, Англиядағы протестанттар мен католиктер арасындағы қақтығыс. Жалпы, адамзат баласының басқа дінге төзімділік көрсетпеуі, ізгілік танытпауы ықылым замандардан бері жалғасып келеді. Күнікешегі Югославия Республикасы мен Косоводағы азамат соғысы да осыған дәлел.

Бұл әрекеттер қазіргі таңда ерекше қарқынмен жүріп жатқан, әлемдік экономикалық, саяси және мәдени интеграция түрінде өркениеттің дамуын сипаттайтын жахандану процесінің жемісі.

Жаханданудың негізгі салдарына әлемдік еңбек бөлінісі, капитал, адам және өндіруші ресурстар көші-қоны, экономикалық және технологиялық процестерді

стандарттау, сонымен бірге әр алуан елдердің мәдениетінің араласуы болып табылады. Бұл қоғамның барлық саласын қамтитын жүйелі объективті процесс. Жахандану нәтижесінде әлем барынша тығыз байланыста және оның барлық субъектілеріне біршама тәуелді. Мемлекет топтарына ортақ мәселелер саны көбейюімен қатар, одақтас субъектілер типі мен саны өсті [1].

Жахандану ортақ ақпараттық кеңістіктің, капиталдың, тауар мен еңбек күштерінің әлемдік нарықтың қалыптасуы, ұлтаралық шиеленіс пен қауіпсіздіктің интернационализациялану процестерінен көрініс табатын мемлекеттердің өзара байланысы мен тәуелділігінің тез етек жаюымен және күрделіленуімен сипатталатын болса, бұл дәуірдің халықаралық қатынастардың тұрақсыздығы, қару-жарақпен жаппай қарулану, терроризм ошақтарының пайда болуы, экономикалық теңсіздік, миграция сияқты т.б. теріс көріністері де жетерлік.

Ең қауіп тудыратыны ол – агрессияның өсуіне әкеп соғатын әлеуметтік, нәсілдік, ұлтаралық кикілжіңдер. Басты себеп – мәдениеттілік пен толеранттылық этикасының жоқтығы. Басқа халық, ұлт өкілдеріне бағытталған бұндай өткір шиеленістер экстремистік әрекеттерден террористік актілерге дейін апарып соғады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында да: *«Экстремизммен күрес айтуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс. Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек»*, - деп атап өткен болатын [2].

Тарих беттерінде адамзаттың ар-ожданына дақ түсіретін қаралы оқиғаларға да осы діни алауыздықтар түрткі болғанын жақсы білеміз. Діни айырмашылықтар мен діни ілім түсіндірмелеріндегі алшақтықтар қантөгістерге алып келгені, мемлекеттердің құлдырауына, ұлттық бірліктің ажырауына себеп болғаны да белгілі. Оның бәрін тізіп жатудың қажеті де шамалы. Ендігі кезекте осы қақтығыстардың қалай алдын алуға болатыны біз үшін аса маңызды. Сонымен қатар, діни фактор елдің бірлігі мен тұтастығын бұзып, оның ресурстарына иелік етудің тәсіліне айналып отырғаны да ойланған адамға тосын жағдай емес. Қазіргі қоғамымызда орын алып отырған діни процестердің бәрі бірдей емес. Жаңа діндердің қоғамға ықпалын ғалымдар төмендегідей бағалайды: «Біздің қоғамымызға бұрын белгілі болмаған діни конфессиялардың Қазақстанға келуін қазақстандықтардың мәдени бірегейлігін белгілі бір деңгейде ерікті немесе еріксіз шайқалтатын жаһанданудың салдарына жатқызуға болады» [3]. Осы жерде атақты ағылшын тарихшысы Тойнбидің батыс өркениеті экономика мен саясат саласына өз ықпалын таратып болды, енді қалғаны мәдениет саласы деген ойы еріксіз еске түседі.

Жалпы, «толеранттылық» ұғымы ұстамдылық, сыйластық және әдептілік, түсіне және кешіре білуді өз бойына сіңіре алғандықтан кең мағынаға ие. Толеранттылық (лат. *tolerantia* - төзімділік, көнбістік) - басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық - адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық - қоғамның жалпы және саяси мәдениеті деңгейінің көрсеткіші [4].

Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде кездеседі. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қоңтайшыға айтқан “біз қазақ деген мал баққан елміз” деп басталып, “досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз”, “...берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!” деп аяқталатын сөздері өзара сыйластыққа шақырады. Қазақ билері

“Төремін деп тепсінбе. Төре мен құл майданда, кәрі мен жас ақылда, бай мен кедей мырзалықта, барлық адам көр мен қаза жауабында теңеледі”, – деп, адамдардың намыс, ақыл-парасатпен теңесетінін айтқан.

Діни толеранттылық тарихи дамуы барысында өзінің белгілерін қалыптастырды. Қазіргі уақытта оның мынандай белгілерін атап көрсетуге болады:

- 1) Әр діннің өмір сүруге құқы барын мойындау;
- 2) Адамдардың кез келген діни нанымды таңдауына әрі өзінің діни сенімін айтуға ерікті екенін құрметтеу;
- 3) Адамдардың өздері таңдаған діни сенімі талап ететін құлшылық рәсімдерін жасауға түсіністік таныту;
- 4) Діни сенімге байланысты күштеу мен «бөтен» дінді сынап мінеуден аулақ болу;
- 5) Адамның кез келген сеніміне байланысты оны қуғындаудың қандай да бір түріне бармау;
- 6) Сенушілер, түрлі діни бірлестіктер, зайырлы ұйымдар арасында диалог орнатуға дайын тұру.

1995 жылы ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер толеранттылық жалпы құндылықтар мен сыйластықтың негізін қалаушы ретінде танылған «Төзімділік ұстанымдарының Декларациясын» және оны іске асыру бағдарламасын қабылдады. Декларацияда төзімділік (толеранттылық) «біздің әлеміміздің аса бай көптүрлі мәдениетіне, өз-өзін таныту формаларына және адамның жеке даралығын көрсету әдістеріне құрметпен қарау, қабылдау және дұрыс түсіну» мағынасында көрсетілді. Декларацияға сәйкес, «адамдар табиғатынан сыртқы келбеттерімен, беделімен, сөйлеу мәдениетімен, тәртібімен, құндылықтарымен ерекшеленеді және бейбітшілікте өмір сүру, өзінің даралығын сақтап қалу құқығына ие» [5].

1996 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мүше-мемлекеттерге жыл сайын 16 қараша күні Халықаралық төзімділік күнін атап өтуді ұсынды. «Төзімділік ұстанымдарының Декларациясында» барлық адамдар табиғатынан бір-бірінен өзгеше болса да, құқықтары мен еркіндіктері жағынан тең дәрежеде екендігі айтылады.

Бұл құжатқа сәйкес, төзімділік әлемнің сан түрлі мәдениетіне дұрыс көзқарас пен қабылдау, құрмет. Мемлекеттік деңгейде төзімділік әділ заңдылықты, құқықтық тәртіпке, сот және әкімшілік нормаларға бағынуды талап етеді. Сонымен бірге, төзімділік әрбір адамға еш шектеусіз әлеуметтік және экономикалық өсуге мүмкіндіктердің берілуін талап етеді. Төзімділік принциптері негізгі құқықтар мен бостандықтар ретінде заң актілерінде бекітіліп, халықаралық декларацияларда жария етілген.

Елбасының бастамасы бойынша Қазақстан қазіргі заман тарихында алғашқылардың бірі болып дінаралық және өркениетаралық сұхбатты алға қойып, оны барынша дамытумен айналысты. Бейбітшілікті нығайту мен аймақта тұрақтылықты орнатуға қатысты бірнеше бастамаларды ұсынды. Солардың бірнешеуін атап өтетін болсақ, 2002 жылдың қараша айында елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясындағы сөзінде барлық конфессияларды Еуразиялық дінаралық бейбітшілік пен келісім хартиясын қабылдауға шақырды. 2003 жылдың ақпан айында Елбасының бастамасымен Алматыда мемлекеттің ресми және мұсылман, христиан, иудей, басқа конфессия өкілдері қатысқан бейбітшілік пен келісімнің халықаралық конференциясы болып өтті. Онда бейбітшілік пен тұрақтылық Декларациясы қабылданды. Бұл құжатта «дін өркениеттер диалогын байланыстырушы болуы керек», «бейбітшілік пен халықтың гүлденуі барлық діндер мен әлем мәдениетінің ақырғы мақсаты болып табылады» делінген. 2003 жылғы 23-24

қыркүйекте Астана қаласында өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің І-съезіне ислам, христиандық, иудаизм, синтоизм, индуизм және буддизмнің аса беделді өкілдері қатысты. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алғашқы рет бас қосып, ортақ құжат қабылдады. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері және жоғары өкілдер конструктивті конфессияаралық диалогты жалғастырудың қажеттілігін ескеріп, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерін ұдайы түрде өткізіп отыру, сонымен қатар, халықаралық конфессияаралық диалогтың тұрақты органы - Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Хатшылығын құру туралы шешім қабылдады. Бұл орайда Әлемдік және дәстүрлі діндер съездері рухани құндылықтардың жаһандық өзара кірігу, адамдар санасында адамзаттың дәстүрлі діндерінің қасиетті идеалдарын насихаттау мен нығайту процесінің елеулі қозғалтқыштарының бірі болып табылады.

2009 жылғы 1-2 шілдеде, 2010 жылғы 13-14 қазанда Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Хатшылығы жұмыс тобының отырысын ұйымдастыру қазақ елінің бейбітшілікті, келісушілікті және Өркениеттер диалогын дамытуға бағытталған сұхбаттық алаң ретінде бүкіләлемдік тануға ие болып отырғандығының тағы бір дәлелі. Форумның аса маңызды жетістіктерінің бірі болып діни қайраткерлермен қоса дүниежүзілік қоғамдастық мемлекеттерінің ықпалды саясаткерлерінің біріге отырып, достастық пен өзара түсінушілікке шақыруы болып табылады.

Елбасының дін лидерлерін Астана қаласына шақыру туралы бастамасы мәдениеттер мен өркениеттер дамуындағы ғаламдық үдерісте аса маңызды мағынаға ие болғанын ескеру қажет. Осы орайда Өркениеттер альянсы және Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі бір-бірін толықтырады.

Қазақ елінің даңқы ата заманнан бері қуаты мен достығында, өзара түсінушілігі мен келісінде, бірлігі пен тағаттылығында екені белгілі. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің қоғамдық өмірінде толеранттылықтың белең алып келе жатқанын көріп отырмыз. Дегенменде, бұл ұмтылыстың әліде толық толеранттылыққа айналуына біраз еңбек сіңіруіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медведева И.Я., Шишова Т.Л. Логика глобализма / И.Я.Медведева, Т.Л. Шишова// Наш современник - 2001. - № 11.-С.12-15.
2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы/ 14 желтоқсан 2012 жыл
3. Мәдени-философиялық энциклопедия. Алматы: Раритет, 2007-269 б.
4. Курганская В.Д., Дунаев В.Ю. Толерантность в глобализирующемся мире: Религия и культурная идентичность казахстанцев. Материалы научно-практической конференции «Вопросы толерантности и роль религии в общественной жизни». Алматы, 2007-10 б.
5. Төзімділік ұстанымдарының Декларациясы. Ст. 1, п. 1.1.

РЕЗЮМЕ

Толерантность как показатель уровня общей и политической культуры общества, это терпимое отношение к другим взглядам, верованиям, действиям, обычаям, идеям. История показывает, что причиной некоторых мировых конфликтов были религиозные разногласия.

RESUME

Tolerance as an indicator of the level of General and political culture, this tolerant attitude towards other views, beliefs, actions, customs, ideas. history has shown that the cause of some of the world's conflicts were religious disagreements.